



№37 (8977),  
жұма, 22 қыркүйек  
2023 жыл

## шығармасы

Eskeldi\_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

### ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 78-СЕССИЯСЫ АЯСЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ДЕБАТТА СӨЗ СӨЙЛЕДІ



Мемлекет басшысы Нь-Йорк қаласында БҰҰ Бас Ассамблеясының 78-сессиясы аясында өткен Жалпы Дебатқа қатысты.

Мүмкін. 30 жыл бұрын Қазақстан Кеңес өкіметінен мұраға қалған төртінші ядролық арсеналынан өз еркімен бас тартты. Сондықтан ядролық күн тәртібінің логикасын қайта қарау керек. Ядролық қарудан арасында ядролық қарудан ада әлем құру жолында өзара сенім мен ынтымақтастық болғанда ғана жаһандық тұрақтылықты қамтамасыз ете аламыз. Осыған байланысты Қазақстан Ядролық қаруға тыйым салу туралы шартты қатаң сақтайтынын мәлімдейді. Біз қарусыздану және қаруды таратпау саласы бойынша жаңа тетіктерді дамытуды қолдаймыз. 2045 жылға қарай ядролық қарудан толық бас тартудың стратегиялық жоспары қазіргі көшбасшылардың жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан ең маңызды үлесі болуы мүмкін, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы COVID-19 пандемиясының ауыр салдары болашақ биологиялық қауіп-қатерлер алдында дәрменсіз екенімізді көрсетіп бергеніне назар аударды. Осыған байланысты Қазақстан Ассамблеяның Бас хатшысы мен Төрағасына Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құру процесін бастау туралы үндеу тастады. Біз Бас хатшы ұсынған «Бейбітшіліктің жаңа күн тәртібін» қолдаймыз. Бұл стратегиялық құжат әлемде белең алған сенімсіздік пен өшпенділікке қарсы тұруы керек. Қазақстан келесі жылы өтетін Болашақ саммитінде Болашақ пактісін қабылдау ісінде қолдаушылық білдіреміз. Исламға және басқа да діндерге қатысты жасалған мұндай тағылық әрекеттерден еркіндіктің, сөз бостандығының және демократияның нышанын білімбейді. Құран секілді қасиетті кітаптардың бәрі вандализмнен құқықтық тұрғыда қорғалуы тиіс. Түптеп келгенде, бейбітшілік мәдениеті тек «біріміз – әралуандығымызда» және өзара құрмет қағидаттарына негізделі алады. Сондықтан мен Астанада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің елеулі рөлін мақтан тұтамын, – деді Президент.

Қазақстан таралы Әділетті энергетикалық жүйеге көшу бағдарламасын (Just Energy Transition Partnership) іске қосуды ұсынды. Мемлекет басшысы көмірді пайдаланудан кезең-кезеңімен, орнықты және әлеуметтік жауапкершілікті ескере отырып бас тарту климаттың өзгеруіне қарсы күреске арналған жаһандық мақсаттарға жетуді едәуір ілгерілететінін жеткізді.

Алматыда Орталық Азия үшін климат өзгерісі мен жасыл энергетика бойынша Жобалық кеңсе ашу жөніндегі Қазақстанның бастамасы осы мәселелерді шешуге ықпал ете алады. Біз 2026 жылы БҰҰ аясында Қазақстанда Аймақтық климаттық саммит өткізуді жоспарлап отырмыз, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Орталық Азия өңіріндегі су тапшылығы трансшекаралық өзендер бассейнінде күрделі экономикалық және басқа да мәселелер туындатып отырғанына назар аударды. Мұндай жағдай келешекте бүкіл әлемде байқалады. 2040 жылға қарай суға жаһандық сұраныс ұсыныстан 40 пайызға асып кетуі мүмкін.

Біз климаттың өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі шаралармен бірге осы бір маңызды жаһандық мәселені шешу үшін саяси күш-жігеріміз бен экономикалық ресурстарымызды жұмылдыруымыз керек. Келесі жылы Қазақстан Халықаралық Аралды қорғау қорына төрағалық етеді. Біз қоршаған ортаның одан әрі тозуына жол бермеу және бір кездері планетамыздағы аумағы жөнінен төртінші орында тұрған көлдің айналасындағы тіршілікке кері әсерін болдырмау жұмыстарын жалғастырамыз. Қазір әлемдегі ең ірі көл – Каспий теңізі де суының тартылуы, су арналарының бұрылуы, флорасы мен фаунасының ластануы сияқты экологиялық мәселелермен бетпе-бет келіп отыр. Каспий теңізін құтқару мәселесі ұзақмерзімді халықаралық ынтымақтастықты қажет ететін ортақ басымдыққа айналуы керек, – деді Мемлекет басшысы.


Президент Қазақстан Орталық Азия елдерімен көпжақты ынтымақтастық одан әрі нығайтуға ниетті екенін айтты. Аймағымыз халықаралық қауымдастықтың «біртұтас әрі дербес» бөлігі ретінде маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ дамудың жаһандық процестеріне өз үлесін қоса алады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ауғанстан тұрақты, өркендеген мемлекетке және сенімді сауда серіктесіне айналуы керек деп санайды. Осы орайда ол Алматыда Орталық Азия және Ауғанстан үшін БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығын ашу туралы бастаманы қолдауға шақырды.

Бұдан бөлек, Президент жиын қатысушыларына Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалар, Конституцияға енгізілген түзетулер, елдегі саяси-экономикалық жүйенің жаңғыруы жөнінде қысқаша мәлімет берді. Сондай-ақ өлімізде жүргізіліп жатқан реформалардың түп негізінде әділдік, теңдік, адалдық пен еркіндік қағидаттары жатқанын жеткізді.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан гендерлік теңдікті қамтамасыз ету, әйелдер мен қыздардың құқықтарын және мүмкіндіктерін кеңейту тұрғысынан едәуір ілгерілеген.

### ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ «ОРТАЛЫҚ АЗИЯ - АҚШ» МЕМЛЕКЕТТЕРІ БАСШЫЛАРЫНЫҢ САММИТІНЕ ҚАТЫСТЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Нью-Йорк қаласына жұмыс сапары аясында Орталық Азия мен АҚШ мемлекеттері басшыларының саммитіне қатысты.

Жиында C5+1 серіктестігі арқылы экономика, энергетика және қауіпсіздік салаларында Орталық Азияның егемендігін, орнықты дамуын және өркендеуін одан әрі нығайту үшін бірлесіп жұмыс істеу мәселесі талқыланды.

Саммитте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Джоозеф Байденнен кейін сөйледі. Сонымен қатар шараға Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев

қатысты. Кездесу барысында стратегиялық серіктестікті, саяси диалогты, сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту, сондай-ақ Еуразия құрлығындағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау мәселелері жан-жақты талқыланды.

Саммитте экономикалық ынтымақтастық мәселесіне, сондай-ақ америкалық компаниялардың маңызды қазба байлықтарды игеру, жаңартылатын энергия көздері, өңдеу өнеркәсібі және басқа да бағыттарды дамыту мүмкіндіктеріне баса мән берілді.

Бұдан бөлек, пікірталас барысында қауіпсіздік проблемаларын, соның ішінде киберқауіпсіздік, терроризм, экстремизм, заңсыз миграция және есірткі тасымалы секілді қауіп-қатерлерді шешу үшін ынтымақтастықты нығайту перспективалары қарастырылды.

Қазақстан Алматы қаласында Орталық Азия мен Ауғанстан үшін БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары жөніндегі аймақтық орталығын ашу ісінде АҚШ тарапының қолдауына сенім артатынын жеткізді.

akorda.kz

### ЖЕТІСУ - «ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫНЫҢ» ЖЕҢІМПАЗЫ



Он төрт күнге созылған «Ұлы дала жорығы» республикалық марафон-бәйгесіне бүгін жетісулық команда мәреге бірінші болып жетті. Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының мәліметіне қарағанда, биылғы 5-19 қыркүйек аралығында Астана-Түркістан бағыты бойынша 1300 шақырым қашықтыққа өткен «Ұлы дала жорығы» республикалық марафон-бәйгесіне еліміздің қалалары мен облыстарынан 20 команда, 100 шабандоз қатысқан. 14 күндік марафон-бәйгеге Жетісу облысының құрама командасы қатысып, 1 орынды иеленді.

Жарыс қорытындысында Жетісу облысы 1-орынды, Ақтөбе облысы 2-орынды, Алматы қаласы 3-орынды иеленді. Жетісу облысы құрама командасының шабандоздар сапында Серікбол Бекболат, Елдос Михайлов, Дастан Маймаков, Данияр Жылкелдиев және Елдос Ермек болды. Команданың жаттықтырушысы - Рүстем Досжанов. Жетісу облысы өкімінің баспасөз қызметі.

akorda.kz



# ҮКІМЕТТЕ КЕЛЕР ЖЫЛЫ ШЕГІРТКЕНІҢ ТАРАЛУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



**Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен жиында Үкіметтің ауыл шаруашылығы және қаржы блоктарының, әкімдіктер өкілдері келесі жылы шегірткенің таралуын болдырмауға арналған дайындық жұмыстарының жағдайын талқылады.**

Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығының деректері бойынша 2023-2024 жылдар шегірткелердің таралу циклінің 11 жылдық шарықтау шегі болмақ. Соңғы рет керидинамиканың өсуі 2014 жылы байқалды. Одан кейін зиянкестердің таралу аумағы үздіксіз азайғанмен, 2021 жылдан бері қарай қайтадан ұлғая бастады. 2024 жылы 2,5 млн гектар алқапқа шегіртке шоғыры таралуы мүмкін деген болжам бар. Бұл 2023 жылға қарағанда (1,6 млн га) 1,5 есе көп. Шегірткелер шоғыры Ақтөбе, Қостанай, Түркістан, Жамбыл облыстарында көп таралады деп күтілуде. Ауыл шаруашылығы вице-министрі

Әбілқайыр Тамабектің мәліметінше, 2024 жылға бөлінген 4,2 млрд теңге қаржы жобаланған жер көлемінің жартысын ғана өңдеуге жетеді. Шегіртке зиянкестерінің таралу алаңының болжамды көлеміне өңдеу жұмыстарын жүргізу үшін арнайы бүріккіш техниканың санын арттыру қажет болады. Пестицидтердің қолда бар қорынан бөлек қосымша қаржы бөлінуі керек. **«Шегірткенің таралуына қарсы күреске дайындықты көктемде кеш болмас үшін қазір бастау керек. Ауыл шаруашылығы министрлігі мемлекеттік сатпалуды уақтылы өткізіп, шегірткеге қарсы іс-шараларды атқаруға тыңғылықты дайындықты қамтамасыз етуі қажет. Ал Қаржы министрлігі мен әкімдіктер шегірткеден қорғану шараларын ұйымдастыру үшін қосымша қаржы бөлуі керек»**, — деп қорытындылады сөзін Серік Жұманғарин.

primeminister.kz

# СОТ ОТЫРЫСЫНДАҒЫ АУДИО-ВИДЕО ЖАЗБА ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ



**Қазір уақытта еліміздің барлық сот мәжіліс залдары толықтай заманауи құрылғылармен жабдықталған. Бүгінде барлық сот залдарында бейнекамера орнатылған. Бұл кез келген сот отырсының ашық, әрі барынша әділ өтуіне ықпал етеді. Арнайы аудио, -бейне құрылғылармен таспаға жазуды тоқтатуға, материалдарды редакциялауға ешкімнің құқығы жоқ. Жазылған және түсірілген материал бірден**

Жоғарғы Соттың серверіне түседі. Кейін дискіге жазылып, іс папкасына тігіледі. Бұл жұмысты оңтайландырып, еңбек өнімділігін арттырып, қағазбастылық азайтты. Сот процесі аяқталысымен, сот отырсының толық көрінісін шығуға болады. Айта кету керек, қазір бейнебайланыс арқылы онлайн режимде сот мәжілісіне қатысып, сот төрелігін қашықтан жүзеге асыру мүмкіндігі бар. Бейнеконференция байланысын пайдаланудағы негізгі мақсат процессуальдық істерді қарау мерзімдерін сақтау және азайту, сонымен бірге талапкер не олардың жақтастары, куәгерлер, эксперттер, мамандар, аудармашылар белгілі бір себептермен сот отырсына келе алмауына байланысты бейнеконференция байланысымен қатысуы мүмкіндігі туады. Бұл өз кезегінде азаматтардың уақыты мен жолға кететін қаражатын үнемдеп,

жемқорлыққа жол бермеуіне септігін тигізеді. Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті басышысының бұйрығымен бекітілген «Сот отырсының барысын түсіріп алу» қамтамасыз ететін аудио, -бейне жазба құралдарын техникалық қолдану, дыбыс-бейнежазбаны сақтау және жою, жазбаға қол жеткізу туралы» қағидаларына сай сот отырсының бейнежазбаға түсіру сот талқылауы барысын дәл тіркеу үшін сот ісін жүргізу мақсатында, сондай-ақ азаматтық, қылмыстық сот ісін жүргізу шеңберінде нақты деректерді белгілеу мақсатында пайдаланылады. Сот отырсында озық технологиялар қолдану тараптардың сотқа деген сенімін арттыра түседі. Сонымен қатар, олардың өздерін сотта дұрыс, мәдениетті ұстауына ықпал етеді.

**Лязат КОЖАХМЕТОВА, Ескелді аудандық сотының бас маманы-сот отырсының хатшысы**

# ЖЕТИСҮДА 873 МЫҢ ТОННАДАН АСТАМ ДӘНДІ ДАҚЫЛ ЖИНАУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР



**Биылғы жылы Жетісу облысында 875 мың тонна астық, яғни масақты дәнді дақылдар, дәнді жүгері, күрші жиналады деп көзделуде.** Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, бүгінгі күні дәнді дақылдардың 233,3 мың гектары немесе 72% жиналды, гектар өнімділігі орта есеппен 17,6 центнерден айналады. Жалпы 411 мың тонна астық бастырылды. «Сөбілген 80,6 мың гектар майлы дақылдардың 2,2 мың гектары, соның ішінде 1,3 мың га мақсары, 0,5 мың га майбұршақ, 0,1 мың га, зығыр оршылып, 2,4 мың тонна жиналды, орташа гектар өнімділігі - 10,9 центнер. Картоп алқабының 50,4% немесе 6 мың гектары қазылып, 122,6 мың

тонна жиналды, әр гектардан 205,2 центнерден шықты. Көкөніс-бақша дақылдарын жинау жұмыстары аяқталуға жақын, 9,3 мың гектардың 7,8 мыңы алынып, 227,8 мың тонна жиналды, гектарына 291,4 центнерден шығым берді», - деді басқарма мамандары. Ал қант қызылшасын жинау жұмыстары 10 қыркүйектен басталып, бүгінгі күні 210 гектар алқаптан 8,2 мың тонна тәтті түбір жиналды, өнімділігі 399,2 цн/га құрап отыр. Егін орағына 993 комбайн

жұмылдырылып, бір астық қабылдау пункті, 380 астық қоймалары мен 81 механикаландырылған қырман дайындалды. Күзгі дала жұмыстарына 7,9 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді, бүгінгі күнге ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері 1,9 мың тоннасын алды. Жалпы биыл ауыл шаруашылығы саласын субсидиялауға 23,5 млрд теңге қарастырылса, соның 10,3 млрд теңгесі егін шаруашылығына бағытталды. Еске салсақ, биыл Жетісу облысында ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы алаңы 1,8 мың гектарға ұлғайтылып, 519 мың гектарды құрады. Өткен жылы дәнді дақылдар 847,3 мың тонна болса, биыл бұл көрсеткіш - 875,3 мың тонна болып отыр. **Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ӘДЕБІ - ҚОҒАМ АЙНАСЫ

**Мемлекетке адал қызмет ету – өз елінің патриоты болу. Мемлекетке адал қызмет етудің ең үлкен дәлелі – адамның өз елін сүйетін патриоты болуынан көрініс табады. Жалпы мемлекетке адал қызмет пен патриот болу – ажырамас егіз ұғым. Ең алдымен, осы ұғымдардың мағынасына тоқтала кетсем. Мемлекеттік қызмет деген не? Мемлекеттік қызмет – мемлекет қызметінің бір саласы және мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы биліктің міндеттері мен функциялары іске асыруға бағытталған лағзымды өкілеттілігін атқару жөніндегі қызметі болып табылады.**

Ол адамдарға қатынасындағы менмендікпен, олардың білімі мен тәжірибесін менсінбеушіліктен, өз орнын аса биік бағалаудан, қолы жеткен табысқа мастанудан, өз мүмкіндігін асыра бағалаудан көрінеді. Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы және әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы – әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті. Сондықтан, бүгінгі күні мемлекеттік қызметшінің әдебі мен мінез-құлық мәселелеріне үлкен мән берілуде. Кәсібилік пен әдептілік қосылып, мемлекеттік қызметшінің тұтас имиджін көрсетеді. Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығына және әділдігіне қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызмет этикасы қызметшілердің кәсіптік қызметін орындауда оңтайлы көзқарасты көрсететін адамдық қарым қатынастардың кәсіптік тәртіп кодексінің бір түрі ретінде, сонымен қатар бұл кәсіптің мәдени – ізгілік бағытын түсіндіретін әлеуметтік – философиялық пән болып табылады. Мемлекеттік қызметші үшін өзіне шектен тыс сенімді болу, қызметтестеріне, бағыныштылары мен келушілерге шыдамсыздық көрсету – үлкен қателік. Мемлекеттік қызметшінің ақиқат шыншыл болуы – оның маңызды моральдық қасиеті болып табылады. Ол екіжүзділікке, өтірік айтуға, ырғақтарды жеке мақсаты, мансабы үшін өзгеше сипатта қарауға, түсінуге қарсы. Мемлекеттік қызметшіге, өзге мамандық иелеріне қарағанда тәкаппарлық типті де жараспай-

Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі талаптарын сақтап, оны мүлтіксіз орындау әрбір қызметкердің қоғамдағы жауапкершілігі мен міндеті болып саналады. Қорыта келе, мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі олардың қызметінен тыс кезде де өзінің адалдығына, ар-ұятына, әдептілігіне қатысты жұрттың күмәнін тудырмау. Оның парасаттылық және адалдық сияқты тәртіптік әдеп стандарттарын сақтай отырып өз ұйымының беделін түсірмеуі қажет екендігін көрсететін әрекеттері, қылықтары және жүрісі мемлекеттік қызметші деген атаққа кір келтірмеуі, үлгілі мінез-құлқы ізеттілік пен адалдықтың маңызды көрінісі болып саналады.

**Берік ОҢАЛБАЙҰЛЫ, Ескелді ауданы әкімі аппаратының басшысы, Әдеп жөніндегі уәкіл**

# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ - ЭКОНОМИКАНЫҢ МАҢЫЗДЫ САЛАСЫ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің отырысында ауыл шаруашылығында көптеп жиналып қалған мәселелерге үкімет пен әкімдердің, сондай-ақ тұрғындардың назарын аударды. «Ауыл шаруашылығына ерекше назар аудару керек. Соңғы жылы елімізде құрғақшылық болды. Былтырға қарағанда жиналған астық көлемі 4 миллион тоннаға кеміді. Бұл шикізатпен және жемшөппен қамтамасыз ету ісіне әсер етті. Болжам бойынша алдағы жылдары да ахуал күрделі болуы мүмкін. Үкімет тұқыммен, жемшөппен, тыңайтқышпен қамтамасыз ету мәселелерін және егін егу науқанын қатаң бақылауда ұстауға тиіс. Субсидияны тұрақты беруге қатысты мәселе жиі көтеріледі», – деді Президент.**

Орда бұзарлық отыз жыл ішінде саланы дамытып, ауылды көркейтуге бағытталған тоғыз мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Алайда, осы орайда, Президент Қ.Тоқаевтың тілге тиек етіліп отырған сөзіндегі мемлекет көмегі, түрлі субсидиялар мақсатқа сай, орнымен пайдаланылып келді ме деген сауал туындайды. Осы түйткіл турасында Президент Қ.Тоқаев Парламент Мәжілісінің отырысында «соңғы жылы елімізде құрғақшылық болды. Былтырға қарағанда жиналған астық көлемі 4 миллион тоннаға кеміді» деп, мәселенің мәнісін бүкпесіз жайып салып, «жұырда болған заңбұзушылықтардың қайталануына жол бермеу маңызды» екеніне тоқталды. Бұл үшін қаржы үйлестірушілер мен субсидия таратушылардың жауапкершілігін көтеру, ең бастысы, құқық қорғау орындарының бақылауын қатаңдату керек, әйтпесе «баяғы жартас – сол жартас» күйінде қала ма деген қауіп бар. Мемлекет басшысы айтқандай, «егер нарықта азық-түлік тауарлары мол болмаса, инфляцияны ұстап тұруға ешқандай шара көмектеспейді». Сонымен қатар азық-түлік молшылығы ел қауіпсіздігінің басты шарты екенін де есте ұстауымыз қажет. Президенттің «ауыл шаруашылығына баса назар аудару» жөніндегі ұстанымы, міне, осыған үндейді.

Субсидиялау тәсілдерін қайта қарау қажеттігі туралы тапсырма бергенін қайта еске салып, «бұл жұмыс қысқа мерзім ішінде атқарылуға тиіс» деп ескертті. «Біз субсидия алуды жеңілдетуге, оның қолжетімді болуын және ашықтығын қамтамасыз етуге тиіспіз. Алдағы үш жылда азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін түбегейлі шешу қажет. Бұл үкімет пен әкімдердің алдында тұрған негізгі басымдық екеніне айрықша назар аударамын. Егер нарықта азық-түлік тауарлары мол болмаса, инфляцияны ұстап тұруға ешқандай шара көмектеспейді», – деді Мемлекет басшысы. Бүгінгі күні ауыл шаруашылығы мемлекет қолдауына мұқтаж салалар қатарына жатады. Құбылмалы климат жағдайларына, аумалы-төкпелі ауа райына тәуелділік, қуаңшылық жайлаған өңірлердің ұлғайып, «дамылсыз сұлу бетін жауын жуауын» өлкелер қатарының азаюы аграрлық экономика ахуалына әсер етпей қоймауда. Бұл үрдіс жаһандық жылындың жағымсыз салдарлары айқын сезіле бастаған соңғы бір-екі жылда бедерлене байқалауда.

ҚР Президенті еліміздің жаңа экономикалық саясаты алдағы кезеңде, ең алдымен, барлық қазақстандықтың өмір сүруі мен әл-ауқатын жоғары деңгейде болуын қамтамасыз етумен байланысты екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев осы мақсатта Қазақстан даму банкінің жұмыс форматын елдегі шағын және орта бизнесті дамытуға көмектесетіндей қайта қарауды ұсынды. Жалпы, қазіргі уақытта Қазақстан қоғамы Мемлекет басшысының шешімдері төңірегінде топтасуы қажет. Күшіміз – бірлікте. Біз бірге барлық қиындықты еңсеріп, көздеген мақсатымызға қол жеткізе аламыз.

**Б.БОРАНБАЕВ, «Ескелді ауданының Құрметті азаматы»**



# ҚАЗАҚСТАН МЕН СИНГАПУР АРАСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЫҒАЯ ТҮСТЕК



Бүгін ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев сингапурлық «Surbana Jurong Group» компаниясының бас директоры Шон Чао мырзамен кездесті. Кездесу барысында электр энергетикасы, жаңартылатын энергия көздері, көлік инфрақұрылымы, саласындағы ынтымақтастық бойынша өзекті мәселелер талқыланды. Ерұлан Жамаубаев 2022 жылғы екі ел арасындағы тауар айналымы 2021 жылмен салыстырғанда 65,1%-ға өсіп, \$1,9 млрд-қа жеткенін атап өтті. Қазақстан экономикасына сингапурлық капитал инвестициясының тұрақты өсімі байқалады. 2023 жылдың бірінші тоқсанында \$92,2

млн жиналды. Ал жалпы 20 жылдан аз уақыт ішінде Сингапурдан \$1,2 млрд тартылды.

Сондай-ақ ол бүгінде Қазақстанда сингапурлық капиталдың қатысуымен 200-ден астам кәсіпорын жұмыс істейтінін атап өтті.

«Біз Орталық Азиядағы инвестициялық көшбасшы болып қалу үшін шетелдік инвестициялардың ағынын қолдауға қажетті барлық мүмкін шараларды қамтыдаймыз», — деді Ерұлан Жамаубаев.

Сонымен қатар вице-премьер Шон Чао Сингапурдың Оңтүстік-Шығыс Азия аймағындағы негізгі серіктес ретіндегі маңыздылығын атап өтті.

Өз кезегінде Шон Чао Қазақстан мен Сингапур аймақтарын түрлі салалардағы көп жылдық тығыз ынтымақтастық байланыстыратынын, оны кеңейту үшін жеткілікті әлеует бар екенін жеткізді.

primeminister.kz

# КОХЛЕАРЛЫ ИМПЛАНТ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ЕСТУ ҚАБІЛЕТІН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМУЫ



Бала дамуындағы есту қызметінің рөлі айқын, есту қызметі арқылы бала қарым-қатынасқа түсіп, қоршаған ортаға бейімделеді. Бала туылғаннан бастап туа біткен рефлекстер арқылы қоршаған ортаға бейімделе бастайды. Бас миының құрылымы дамыған сайын бала тұрмыстық шулар, көшедегі дыбыстар мен өз дыбыстарының тембрі мен дауыс күшін ажыратып, оларға еліктеп дыбыс шығаруға, өзінің ішкі сезімдерін эмоция арқылы былдырлаған тәтті тілімен білдіреді.

Ал, есту қызметінде бұзылысы бар балалар қайтпек? Заман талабына сай есту қызметінде бұзылысы бар балаларды ерте жаста анықтап, дер кезінде кохлеарлы имплант көмегіне жүгінеді. Кохлерлы имплант қосылған сәттен бастап, сурдопедагог маманының ұзақ әрі маңызды жұмысы басталады. Дүние естігін ашқан сәттен бастап, естімеген дыбысты КИ арқылы тыңдап, дыбыстарды бір-бірінен ажыратуға үйренеді. Ең маңыздысы бала өзінің ата-анасының дауысын естіп ажыратуға үйренеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі әрекеті - ойын екенін ескере отырып, сенсомоторлық интеграциялық ойындар арқылы шартты рефлекторлық қозғалғыш реакциясына сүйемелдеп ойындар ойнауға болады. Мысалға келтірер болсақ: «Ырғақты суреттер», «Сақ құлақ» ойыны, «Не дыбыстағанын тыңда да, тап», «Мұқият тыңда», «Кім зерек?» ойыны, «Дұрысын тап» ойындарын ойнауға болады. Есту қабілетін дамытуға арналған ойындарды сенсомоторлық интеграциялық ойындармен байланыстырып алғанда, баланың қызығушылығы оянып есту қабілетін қабылдауы мен есту қабілетінің жадысы қалыптаса бастағаны анық.

Ж.ДЖАНБЫРБАЕВА,  
«Жетісу облысының білім басқармасы»  
ММ Ескелді ауданының «№8 ППТК» КММ  
Мұғалім-логопед/сурдопедагог

# ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТӨЗБЕУ, ҚОҒАМДЫ АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙТІН КҮШ



Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі өзекті мәселерінің бірі болып отыр. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Бұл дерттің алдын алу үшін жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу, олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы жемқорлықты рухани жағынан

мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынуына байланысты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда адам адамгершілікке жат қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптасу үшін жастарымыз сыбайлас жемқорлықты елдің дамуын тежейтін аса қауіпті қоғамдық дерт деп тануы тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет әр адамның құқықтық сауатына да байланысты төмен немесе жоғары болуы мүмкін. Дамыған елдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру барсында сыбайлас жемқорлықты рухани жағынан

қабылдауға мән беріледі. Адамдар сыбайлас жемқорлық туралы білімнің болмауына байланысты абайсызда сыбайлас жемқорлықтың қатысушылары болып қалады. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптастыруды оқу орындарынан бастаған дұрыс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті, жемқорлықты анықтау, алдын алу және өз құзіреті шеңберінде оларды жасаған адамдарды жауапқа тарту арнайы Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі арқылы жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлықпен күресуге көмек көрсеткен, куәгерлік еткен адамдардың қауіпсіздігіне заңмен кепілдік берілген. Мұндай азаматтар мемлекет қорғауында болады, сондай-ақ, арнайы сыйақы беріледі. Бұл жағдай азаматтадың белсенді іс-әрекет етуіне оң ықпалын тигізуде.

Рүстем ИЕМБЕРГЕН,  
Ескелді аудандық сотының бас маманы

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілетін айтады.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады.

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз ол жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық позиция. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұлғада құқықтық шеңберде іс-әрекет етуі үшін белгілі бір біліктіліктердің болуын талап етеді, олар: жемқорлықты әлеуметтік зұлым ретінде тани білуі, сыбайлас жемқорлықпен күрес негіздерін және оның қоғам өмірінің кез келген саласында деңгейін төмендету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалана білуі.

Жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің толық қалыптасуы үшін бірқатар шарттар керек екендігі сөзсіз. Ол үшін, ең алдымен тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру мынаны көздейді:

–сыбайлас жемқорлықтың мәні,

оның мазмұны, мақсаттары, субъектілері, нысандары мен түрлері, іске асыру салалары, қоғам өмірінің барлық саласында көріну ерекшеліктері туралы түсінік;

– моральдық-адамгершілік этикалық мәдениетті тәрбиелеу;

– құқықтық сауаттылық негіздерін қалыптастыру;

– қоғам мүшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық үзін ынталандыру;

–мүдделер қақтығысының барлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру.

Осыған байланысты мыналар қажет:

– сыбайлас жемқорлыққа саналы қатынасты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтарға моральдық «иммунитетті» қалыптастыру және осының негізінде сыбайлас жемқорлықты еңсеру бойынша құзыреттерді дамыту;

– Қазақстан азаматтарының мінез-құлқы моделін қалыптастыру, бұл ретте «сыбайлас жемқорлық» сөзінің өзін қабылдамау, адамгершілік тойтарыс, төзбеушілікті туындатуы тиіс;

–құқықтық құндылықтарды жоққа шығару, заң мен тәртіпті құрметтемеуді білдіретін құқықтық нигилизмді жою (латынша nihil – ештеңе);

– құқықтық жаппай оқу арқылы құқықтық білім мен тәрбиені қамтамасыз ету.

Берік ОҒАЛБАЙҰЛЫ,  
Ескелді ауданы әкімі аппаратының басшысы,  
Әдеп жөніндегі уәкіл

# ОТБАСЫ-БАҚЫТ МЕКЕНІМ



болады. Бір сөзбен айтқанда, отбасы - барлық рөлдері бөлініп қойылған қоғамның шағын моделі болып табылады, әрбір рөлдің шебер орындалуына «отбасылық сюжеттің» дамуын үнемі байқап жүретін кішкентай ғана адам өміріне байланысты. «Отбасы-бақыт мекенім» атты тәрбие сағаттың маңыздылығы оқушылардың отбасына деген сүйіспеншілік, адамгершілік, қайырымдылық, әділдікке шыңдай түсуге, отбасына деген сезімдерін нығайту.

Р.БЕЙСЕНБИНОВА,  
Төлеңгіт ауылдық округінің жастар ісі жөніндегі әдіскер-нұсқаушысы.

# ПРОТИВОДЕЙСТВИЕ КОРРУПЦИИ

Борьба с коррупцией – это важное и актуальное общественное задание во многих странах. Коррупция - это незаконное использование должности или власти для личной выгоды путем получения взяток, взяточничества или злоупотребления ресурсами и полномочиями в целях личной наживы. Коррупция подрывает доверие к правительству, разрушает справедливость и экономической рост, а также ущемляет права и интересы граждан. В этой статье мы рассмотрим основные аспекты борьбы с коррупцией. Первым шагом в борьбе с коррупцией является ее понимание. Коррупция может принимать разные формы, от маленьких взяток до крупных коррупционных схем в правительственных структурах.

Коррупционных проявлений. Коррупция часто пересекает границы, поэтому международное сотрудничество в борьбе с ней критически важно. Страны должны сотрудничать в обмене информацией и координации усилий против коррупции. Борьба с коррупцией также требует изменения культуры и социальных норм. Общество должно стать менее толерантным к коррупции, и это изменение должно начаться с молодого поколения. Борьба с коррупцией – это сложный и долгосрочный процесс, который требует усилий со стороны всего общества. Однако она является важным шагом к созданию более справедливого и прозрачного общества, в котором права и интересы всех граждан уважаются и защищаются. Коррупция подрывает справедливость, подавляет экономический рост, разрушает доверие к правительству и институтам, и она широко распространена во многих странах по всему миру. Борьба с коррупцией включает в себя законодательные меры, образование общества, усиления правительства, международного сотрудничества и другие стратегии. Целью является уменьшение коррупции и создание более справедливого и честного общества, где все граждане имеют равные возможности.

Ұлан МАМЫТБЕК,  
Судья Ескелдинского районного суда



«Ұстаз – ол балаға білім нәрін себетін, ақылын айтып, ілім үрететін асыл жан. Ұстаздан аларымыз, үйренеріміз көп. Ұстаздың сөзін ұғыну – біздің міндетіміз. Абай атамыз айтқандай, «Ұстаздық өткен жалықпас, үйретуден балаға демекші, ұстаздың еңбегін бағалай білуіміз қажет. Ағарту майданында еңбегі сіңген олар – өмірлік ұстаздар. Талдықорған қаласының тұрғыны, зейнетке шықса да, ұстаздық жұмысынан қол үзбеген Ләззат Әбілманқызы Киікбаева осындай білікті маман. Ол саналы ғұмырының 40 жылын жас ұрпаққа білім беріп, жастарға тәрбие үйретуге арнаған ұстаз. Бір сөзбен айтқанда, көргені мен көңілге түйгені көп ұстаз-басшының өткен өмір белестері кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Шынында да, бала оқытып, ұрпақ тәрбиелеу – қиын жұмыс. Ал біздің бүгінгі кейіпкеріміз Ләззат Әбілманқызы зейнетке шыққанына қарамастан, әлі де ұстаздық жұмысын жалғастырып келеді. Өйткені оның өмірінің қызығы – мектеп, еңбегінің жемісі – өскен ұрпақ, қуанышы – үлкен өмір айдынына

# ҰСТАЗ ЖОЛЫ – ҚАЙЫРЫМДЫ!



қанат қағып жатқан түлектер. Лайым, шәкірттерінің бақытын көріп, жүзінен нұр таймай, арамызда жүре беруін тілейміз!  
-Ләззат Әбілманқызы, туып-өскен жеріңіз жайлы айтып өтсеңіз?

-Егер сіз бұл өңірде тұрған болсаңыз судың қадірін түсінер едіңіз. Көкжиде тұрғындары ауылдың жанынан ағып жатқан өзенді, өте жақын орналасқан әсем Балқашты да қадірлейді. Әсіресе көктем айларында күмістей әдемі жиде гүлденгенде, айнала жап - жасыл болып Балқаш көлі зубәржатқа ұқсағанда адам жаны да бір қайта жанарғандай күйге түседі. Өмірдің бұндай сәттерінде адамдарға қанат біткендей, ауылдың көптеген жастарының ой сезімдері үлкен биіктерге ұшқандай болады, тәтті сезімдермен арпалысқандай күй кешеді. Дәл осындай сезімде бұрынғы Талдықорған облысы, Бөрлітөбе ауданы Көкжиде ауылында 1958 жылы өнегелі отбасында дүниеге келдім.

**Өмірлік ұстазым деп кімді айтар едіңіз?**

-Қара шаңырақ отбасы адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам шыр етіп дүниеге келісімен, осы отбасының есігін айқара ашып енеді және осында ержетіп, тәрбие алады. Шаңырақта әдемі әке, сонан соң ана осы отбасының ұстазы болмақ. Әкеме Әбілманға жан адамды теңгермеймін. Ұзын бойлы арық келген, көп сөйлемейтін, домбырасын шертіп, ыңылдап өлең айтып, жантайып жататын. Барлық мәселе әкемсіз шешілмейтін, үйде ол кісіне генерал дейтінбіз. Мені дүниеге әкеліп, жарық сыйлаған анам Нұриха өте ісмер тымақ,шалбар тон тігетін. Кішкентай күнімізден бастап қолөнерге үйретті. Ата анам бізге: Ешқашан ерінбейтіндер еңбектің тағы бір жауы еріншектік. Өмірде үлкен еңбексіз ештеңе де қол жетпейді. Білімді үйрену үшін еңбек ету, сабарлы шыдамды бол, турашыл бол, аз сөйле, алысты ойла, кітап пен сабаққа ден қой деп үйретіп отырамын. Қазір екеуді дүние де жоқ болса да осы қағиданы сағынышпен еске аламын.

**Ұстаздық жолға қалай келдіңіз?**  
-1975жылы Ерікті орта мектебін

Көптеген шәкірттер дайындап шығардым, Облыстық Республикалық жарыстарға қатысып оқушыларының қуанғанын көргенде, өзіме өзім риза болдым. Қазір сол шәкірттерім Қазақстанның түпкір түпкірінде, шет елдерде әр түрлі салада қызмет атқарып жүр.

**-Дара жолда жеткен жетістіктеріңіз бен шыққан мақалаларыңыз бар ма?**

-Өрине бар. 2011 жылы Алматы қаласында облыстық мамандар кесібін дамыту институты ұйымдастырған Үздік білім беру жүйесіндегі оқу пәндерінің үдерісті және мазмұнды кампонентері тақырыбында ғылыми практикалық конференциялық мектеп ойынан мені жіберді. Осы тақырыпты сөз



сөйлеп мақалам жинаққа енгізілді. Осыдан кейін аудан көлемінде, білім беру басқармасының нұсқауымен әр түрлі тақырыпта коучингтер, семинарлар өткізіп жаңа ақпараттық технологияның сабақта қай кезде қолдануға болатынын үйрете бастады. Аудан бойынша көшпелі семинарларға қатыстырып өз тәжірибемен бөлістім. Ұстаз еңбегі, оның өмір жолы жаза берсе таусылмай бірде бір дастан ғой, шіркін. Өмірдің қорғаушы күші ғылым, ендеше ғылымға сүйенбеген ұстаз желкенсіз қайық секілді оқушыға орнықты білім бере алмайды. Ел ішінде ақшамен есептелмейтін, заңда жазылмаған ұстаздың өз биігі, өз төрі бар.

Ұстаз жолы балдай, Ал жүрегі ұланғайыр даладай. Сынып алып білекті Еңбек етеді, уақытты санамай. Сол жылдары көптеген оқушыларым:

Бясахан Лиза (Ж.Жақынбаев ОМ ) Айтқажы Рабиға(Текелі қаласы №4 ОМ) Ғазиз Нұргүл (Текелі №5 ом Ұстаздық жолы тандап ,химия пәнінің мұғалімі. Бір қызығы немерем 5 сыныпта оқитын Адель Саянқызы Текелі қаласындағы №5 орта мектебінде оқиды. Шәкіртім Ғазиз Нұргүл сынып жетекшісі болды. Өзім сынып жетекші болған Нұргүл енді немереме дәріс береді. Нұргүл пара-

сатты, үлкенді сыйлайтын, ниеті, көңілі таза Нұргүл жас кезімдегі өзіме ұқсайды. Биікті де, адамгершілік қасиеті кеңдігіде бір басынан табылады. 2013жылы отбасы жағдайына Текелі қаласындағы №4 орта мектебіне химия пәні мұғалімі болып жұмысқа орналастым. Үлкен мектеп, коллектив өте ұйымшыл, тез үйрендім, жылы қарсы алды. Осы мектепте жүріп көптеген іс-шараларға қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. Облыстық, Республикалық қ а т а у с т ы м . Республикалық «Ғылыми-танымдық», «Алхимик -2014жыл » сайысына «Жетісу » коман-дасы белсене қатыстырылады. Республика мұғалімдерінің білімін көтеруге үлес қосқаны үшін, 40 мектептің ішінен озып шығып жүздегер атанып марапаталды. Берілген тапсырма бойынша сурақтарының жауаптары журналда басылып шықты. Химия пәні мұғалімдеріне арналған «Үздік слайд 2014 жыл сайысына белсене қатысып, журнал диэкісіне ең дара жолынан тәжірибесімен бөлісуде. Өнегелі де ардақты жан Киікбаева Ләззат Әбілманқызы -үлгілі отбасының қамқоршысы отанасы. Ұлдарын ұяға қызын қияға қондырған баатыр ана, асыл апа! Білім беру саласында көп жыл тынбай еңбек еткен жайдарлыда жайсаң ұстазға біз ұзақ ғұмыр,қажымас қайрат пен денсаулық тілейміз.Қорта айтқанда: Кімде-кім бала кезінен еңбектің өмір заңы екенін бізге, жас кезінен ғана тер төгу арқылы табылатынын түсінсе сол адам қаһармандық жасауға қабілетті. Шәкірт тәрбиелеу жолында еңбек етуде бүкіл саналы ғұмырын арнаған ұстаздың қай тілеуі де жақ. Өз келешегінен өз қолымен жол салып адам еңбегімен жете алған біртуар қазақ перзентінің өмір жолы мен өнегесі кейінгі жеткіншектерге ауыстырмас шаңырақта бағдар болары сөзсіз. Өрқашан аудандық,ағалық,ұстаздық қасиеттеріңіз биіктей берсін демекпін.

Ең адал ,ең қайырымды, ең қиын да мамандық ұстаз мамандығы екені баршаға өйгілі. Дегенмен, рахметтіде, қайырымды да ,қызықты сәттері жоқ емес.Оны ұстаз қаумы менен де жақсы сезінеді.

дәріптелді, ардақталуы-тікелей оның адамгершілік қасиеттеріне байланысты. Егер ол айналасындағыларға қайырымды адал болып, бүкіл қарым-қатынастарын адамгершілік тұрғысынан реттейтін болса, нағыз адамгершілік мол жан болып,қоғамға сыйлы бағасын да,орын да иеленеді. Оқушы, ол –елімнің болашағы.

Ләззат Әбілманқызы өмірбаянына көз салсақ, оқу орнын тәмамдағаннан бастап мектеп өміріне араласып, осы білім заңғарының ұшар басында қалықтаған жан. Өмірін жас ұрпақты тәрбиелеуге арнаған.

Шебер ұстаз мектепте –алтын қазық

Білімінен шығарар алтын қазып

Өрқайсысы да орденге лайықты.

Алтынмен қалдыратын атын жазып деген ыстық махаббат осындай ұлғатты ұстаздарға арналса керек. Ләззат Әбілманқызы жолдасы Смағұлов Тыныстай екеуі 4 бала тәрбиелеп, өсірген жақсы ата ана. Балалары: Венара, Саян, Рауан, Әділет барлығыда жоғары оқу орнын бітірген, әр түрлі салада еңбек етіп келеді. Ақ ордасы білімнің – менің ордам, менің ордам-40 жыл сонда болғам. Бір дінгегін білімнің мен көтердім, келгенім жоқ ортаға орта жолдан-дейді кейіпкеріміз.



# МАҒЖАН ЖӘНЕ ӨМІР



Қара жердің бетінде өмір сүріп жатқан кез-келген халықтың жүріп өткен жолының сұрлеу-соқпағына зер салсаңыз, өнердің басқа түрімен салыстырғанда, сөз құдіретіне ерекше мән беріліп, сөз киесінің айрықша бағаланып келгенін аңғарарыңыз анық. Ғасырдан-ғасырға үздіксіз жалғасқан бұл үрдіс адамгершілік жөніндегі ұлы ұғымдарды туғызып, талай ұрпақтың рухани жігерін хас қайрақтың тас нәтіндей қайрады.

Асылы, әдебиет адамды тәрбиелейтін құрал ғана емес, дүниені өзінше пайымдауға үйрететін, ұлттық болмысты қалыптастыратын – киелі құдірет. Жазушы Ғабит Мүсірепов дүниеден өтерінің алдында “әдебиет ұлы болмаған жерде, ұлттың ұлы бола алмайтындығын ұмытпайықшы” деген сөздерді осы асыл ұғымның былғанып қалуынан қауіптенгендіктен айтса керек.

Кез-келген халықтың ұлттық болмысы ең әуелі сөз өнері арқылы танылады. Сөздің салмағы арзандаса, ұлттың ба-сынан бағы тайғаны. Сөз өнерінің киесі Құдайдың назары түскен адамға ғана қонатындықтан, талантқа шынайы құрмет көрсете алатын халық қана, ұлы әдебиет туғыза алары хақ. Ал, ұлылық дегеніміз қасірет шегіп, жартылай болса да Құдайдың азабын тарту емес пе...

Ұлы тұлға қай кезеңде де билікпен тіл табыса алмаған, сол үшін де өмір-бақи ресми билікке оппозицияда болған. Билік пен қоғамға аса жақпаған орыс жазушысы Гоголь көзі тірісінде ресми түрде ұлы жазушы аталмапты. Гоголь қайтыс болғанда (мүмкін тірідей жерленгенде) оның ұлы жазушы екендігін тұңғыш рет Тургенев айтты.

Расын айтсақ, сол кезде Гогольдің ұлылығын сөз қылу ұлы жазушыға көрсетілген құр қошемет емес, сол уақыттағы биліктің саясатына қарсы шығумен пара-пара саналатын жанкештілік еді. Мұны Тургенев білмеді десек, аузымыз қисайып қалатын шығар.

Билік Гогольді өлердей жек көрді. Тіпті кейбір деректерге қарағанда ұлы жазушы тірідей жерленген. Гоголь қаламдастарымен сырласқанда қатты шаршағанда ұзақ уақыт “летаргиялық ұйқыға” кететінін айтып, бір жағдай бола қалған күнде, мүрдесі иістене бастағанда ғана жер қойнына тапсыруын өтініпті.

Гогольді тезірек қара жер қойнына тапсырсақ, оның атын да мәңгі өшіреміз деп ойлады ма, әлде басқа бір себеп итермеледі ме, әйтеуір, қоғам “летаргиялық ұйқыда” жатқан ұлы жазушыдан тезірек құтылуға асығып, тірідей көмді. Талай жылдар өткеннен кейін, жазушыны қайта жерлеу барысында Гогольдің қабірі қазылғанда, мүрдесінің етпелінен жатқаны анықталған.

Ұлы жазушы дүние салғаннан кейін де, ұзақ жылдар бойы шындық сырт көзден жасырылып келді. Орыс ақыны Андрей Вознесенскийдің бұл туралы әдемі өлеңі бар.

Әңгімемізге қайтып оралсақ, ақсүйектер әулетінен шықса да Гогольді мадақтағаны үшін, билік Тургеневті аяған жоқ. Түрмеге қамады.

Гоголь дүниеден өтсе де оған көрсетілген мұндай құрметтің салмағының қаншалықты қауіпті екендігін Тургенев жақсы білді. Билік Гогольді мадақтаған адамды түп-тұқиянымен құртып жіберуден де тайынбайтын.

Асылы, Тургенев Гогольге арнап жазған қазанамасында, оның ұлы жазушы екендігін айтпаса да, ешкім оны жазғырмас еді. Бірақ, парасат-пайымы биік, дүниетанымы кең Тургенев ақиқат жоқ жерде, әдебиеттің ұлы бола алмайтындығын түсінді.

Әділіне жүгінсек, Гогольге арнап жазылған қазанамасында Тургенев, оның ұлы жазушы екендігін ресми билікке деген наразылығын білдіру үшін ғана

сөз арасына қыстырған жоқ. Іштері сезеімен, жұрттың көбісі айтудан тайсақтайтын ұлы ақиқаттан аттап кетуге Тургеневтің ар-ожданы жібермеді. Өйткені, әлімсақтан бері, әдебиеттің ұлы салмағы ар-ожданмен ғана өлшенген.

Қазақ әдебиетінде де дәл осындай, тіпті бұдан да ауыр сын сағатта жанын шүберекке түйіп, қайсар мінез танытып, ар-ожданына адал болып қалған бір жазушы бар. Ол – Жүсіпбек Аймауытов.

## ЖҮСІПБЕКТИҢ МАҒЖАННЫҢ АҚЫНДЫҒЫН ТАНУЫ

Жүсіпбек Аймауытовтың “Мағжанның ақындығы туралы” баяндамасын көпшілік қауым ақынның шығармашылық лабораториясын зерделеген дүние деп қана бағалап жүр. Расында, ол мүлде олай емес. Жүсіпбек бұл мақаланы Мағжанның басын арашалап, ақынның өмірін бір-ақ сәтте шешетін тоғыз грамм қорғасыннан құтқарып қалу үшін жазды.

Мағжан өлеңдерін егжей-тегжейін зерттеп, сөз қозғаған мақаладан әдебиеттегі әділеттілік үшін Аллаға жанын беруге де әзір жазушының ар алдындағы адалдығы айдарланып тұр.

«Мағжанды тексергендегі тағы бір қызышылық мынау. Қандай өнерпазды, ақынды, данышпанды болсын өз заманының сыншылары әділ көзбен қарап, баға беру шетін нәрсе. Заман сыншыларының бүйрегі не олай, не бұлай бұрып кетпей тұрмайды. Талай таланттардың талай жақсылардың қадірін жұрт өлген соң біледі....»

Замандастар, тұстастар әділ болу қиын, өйткені не заманнан қаймығады, ақынды заман өлшеуішімен өлшейді; сыншылардың көбі не ақынды жақтаушылар, не жамандаушылар, не бықсыған күншілдер, не сол ақынды ат қылып мініп алып, әбүйір-атақ іздеп, көзге түсем деушілер болуға мүмкін...

Мағжанның бар табысын толық тексеріп, жете сығып ұшығына шыға алмаймыз (таза зерттеу үшін баяндама жетпейді, аз болса қалыңдығы бір елі кітап жазу керек болады).

Мағжанның өлеңдерін аса құнттап бұлдап жарыққа шығаратын Мағжаншылдар да бар; іске алғысыз қылып өртеп жіберу керек дейтіндер де бар; қысқасы Мағжанның қасы да, досы да бар, мақтаушылар нені біліп мақтап жүр, жамандаушылар нені біліп жамандап жүр? Оны тексеру біздің мақсатымызда жоқ.

Біз шамамыз келгенше Мағжанға сын көзімен қарағымыз келеді. Сын дегенде біз ғылымның жолын тұтынуымыз керек. Мәдениетті жұрттар жазушыларын, ақындарын қай жолмен тексеріп сынаса, біз де сол жолды қолдануымыз керек.

Мағжан ақын ба, ақын емес пе? – деген сұрауды қоюда мағына жоқ. Оны ақын емес деп таласушы бола қоймас. Жалғыз-ақ ақындық күші қандай деген сұрауды қою керек. Бұл сұрауға Мағжанды күшті ақын деп жауап береміз». (Жүсіпбек Аймауытов, Мағжанның ақындығы туралы, «Лениншіл жас» журналы, №5, 1923 жыл)

## АР – ОЖДАН АЛДЫНДАҒЫ АДАЛДЫҚ

Жүсіпбек жыр сүлейі Мағжанның ақындығын қорғаған адамның күндердің күнінде “халық жауы” аталарын сезбеді емес, сезді. Білмеді емес, білді. Жүсіпбек Аймауытовты “пантюркист” аталып жүрген Мағжанның ақындығын дәлелдеп көлемі кіші-гірім бір кітапта мақала жазуға итермелеген бір-ақ себеп бар. Ол – ар-ожданға деген адалдық.

Міне, сондықтан да ол өз мақаласында Мағжан сөзіндегі үлбіреген нәзік әуездің қазақтың бұрынғы ақындарында болмағанын айтып, оның өлеңдерінің сыршылдық және суреткерлік шеберлігін жеріне жеткізіп, терең талдады.

Елін, жерін емірене сүйіп, емешегі үзіліп тұратын ақынның ұлтшылдық қасиетіне ерекше тоқталды. Оқушының жүрегіне әсер ете алмайтын құрғақ өлеңдердің Мағжан поэзиясында атымен кездеспейтінін дәлелдеді. Суреткерлік шеберлігі жағынан Мағжанды Пушкинге теңеуге болатынын батыл жазды.

Ар-ождан өлшемінен аттап кете алмаған Жүсіпбек Аймауытов Мағжанның ақындығын қорғау үшін барын салды. Сол үшін ол да Мағжандармен бірге, тіпті одан бұрын атылып кетті.

Әдебиет ар-ожданның жоғалтса, ұлттың күні қараң, келешегі көмескі болатынын Аймауытов жақсы түсінді.

## ТӘЖІБАЕВТЫҢ МАҒЖАНДЫ ТАНУЫ

Мағжанның ақындығын қорғап, ұяттың сөзін сөйлеген Жүсіпбек Аймауытовты қалай мақтасақ та жарасады. Алайда ақын наһақтан атылып кеткен күні Мағжанның талантын теріс бағалап, оның поэзиясына қара күйе жаққандар туралы бір ауыз сөз айтпай кетуге дәтім шыдамады.

Мағжанға қарсы шабуылдың үдеуіне Сәбит Мұқановтың да бел шешіп, білек сыбанып кіріскенін әдебиет тарихынан білеміз. Өзін совет өкіметін қолдаушы кедей таптың адал перзенті санаған Сәбит Мағжанды да аяған жоқ, өзгелермен бірге сынның дойыр қамшысын оған да сілтеді.

Ұлы ақынды қаралағандардың өз уақытында аз болмағаны белгілі. Алайда мен бұл мақалада кезінде Мағжанды жер-жебіріне жеткізе сынап, кейін ол ақталғаннан соң жыр сүлейінің поэзиясына мүлде басқаша баға беріп ар-ұятының алдында ақталуға мәжбүр болған

ақын Әбділдә Тәжібаевтың екі түрлі әңгімесін ғана мысалға келтіре кеткенді жөн санадым. Және бұл сөздерге баға беруді оқырманның еншісіне қалдырғым келеді.

## АБАЙ МЕН МАҒЖАН

«Оның ең үлкен поэмасы «Батыр Баян» – Абылай ханмен оның батыр билерін дәріптеуге арналған. Кенесары, Науандар, Қойлыбай сияқты бақсылар Мағжанның сүйікі геройлары...

Мағжан орыс халқының озық ойы мен өнерін барынша құбыжық етіп көрсетуге тырысты... ол Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Белинский, Чернышевский, Добролюбовтар таратқан демократтық ұлы идеялардан да аулақ. Ол барлық қусығын орыс халқын сөгуге, оның қазақ халқымен достық, бірлігін былғауға жұмсаған ақын...

Абай мен Мағжан қарама-қарсы екі дүние адамындай: бірі – алға қараса, екіншісі кері тартады. Бірде-бір жерде екеуі жанаспайды, күн мен түндей алшақ...

Осы Мағжанды байшыл, ұлтшыл сыншылар көпке дейін қазақ лирикасының ең сұлу үлгісі деп Абайдан асыра мақтап келген. Тіпті, әдебиетші коммунистердің ішінде де Мағжан поэзиясының мазмұнын сынап отырып, оның түр шеберлік жақтарын әлпештеушілер болған (Тоғжанов жолдас және басқалар); «Мағжан деген тамаша лирик ақын бопты ғой, махаббатты, табығатты ұшқыр жырлапты ғой» деп жаңа жазы бастаған жас ақындардың өзімізден талай сұрағанын білеміз.

Демек, әлдеқашан күл-талқан болған буржуазия табының шаңы аспанға ұшса да, оның жыршыларының көкейіне құм құйылса да, Мағжан әлі күнге дейін әр тұста бой көтеріп қалып, піспеген бас, орнықпаған жүректерге зиян тигізіп жүргені сезіледі». (Қараңыз: Әбділдә Тәжібаев «Өмір және поэзия», Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, Алматы, 1960 жыл, 47 бет)

«Қаршадайынан орысша оқып, орыс әдебиетінің мәдениетіне еркін жетіккен Мағжан қазақ поэзиясына сол балғын шағында ерекше аса талантты болмысымен келді...

Екі ананы тел емген Мағжан қазақ ауыз әдебиетінің тұнығына қана отырып, жарқ етіп шыққан Абай поэзиясын өзіне мектеп етті. Сонда біз Пушкин, Лермонтовтан бастап бүкіл орыс поэзиясын игерген, орыс тілі арқылы әлем поэзиясымен еркін тыныс алған, жасы жиырмадан жаңа ғана асқан жалынды Мағжан ақынды көрдік...

Мағжан бұл дәрежедегі жаңа жырларымен XX ғасырдың бас кезіндегі символисттер деп аталған орыс поэзиясын жаңа биікке көтерген Мережковский, Андрей Белый, Бальмонттармен және XX ғасырдағы фран-

цуз ақындарымен тең түсіп, ортақ тақырыптарға жарыса қосылып жырлап жатады. (Әбділдә Тәжібаевтың 1989 жылы жарық көрген Мағжан Жұмбаев шығармаларына жазған алғысөзінен. Қараңыз: «Мағжан Жұмбаев. Шығармалары». Алматы, Жазушы баспасы, 1989 жыл, 6 бет)

## МАҒЖАННЫҢ ЛИРИКАСЫ

«Шынына келгенде Мағжан лирикасында саналы жастарымызды еріксіз үйіріп әктердей «құдірет» еш уақытта болған емес, Орыс әдебиеті тарихын білетін оқушыларға Мағжан поэзиясындағы лас ұлтшылдық пен буржуазиялық идеологияның түп-тамырын шауып көрсету оп-оңай.

Мағжанның еңбекші халыққа революцияға көріне көзге жауыға жазғандарын былай қойғанда, оның лирикасындағы өмір, әйел табиғат

Қазақ ақыны Мағжан Жұмбаев туралы «нәзіктеп» жазғандары да түршігу, жеркенуден басқа әсер ете алмайды, шірік символизмінің қазақ әдебиетіндегі бір көрінісі екенін жасыра алмайды.

Біздіңше, Мағжан лирикаларының барлық мерезін пышақтап отырып көрсету керек те, оның жұқпалы зиянды «күштерін» өшкерелеу керек. Бұл әдебиетіміздің тарихы үшін де, болашағы үшін де қажет». (Қараңыз: Әбділдә Тәжібаев «Өмір және поэзия», Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, Алматы, 1960 жыл, 48 бет)

«...азаматтық лирикаға жата-тын күшті жырлар Мағжанда өте мол. Оларының көбі тек қана патетикалық асқынған сөздерге ғана құрылмай, ақынның ішкі мұңы мен ашу-кегіне табиғи байланысып отыратын боюлы әуенді өлеңдер: «Мен кім?», «Мен жастарға сенемін», «Айда атаңды Сәрсенбай», «М.Д. абақтыдан шыққанда», «Өткен күн» сияқты өлең өзіне бір төбе. Барынша қуатты, жігерлі жазылған «Орал», «Орал тауы», «Түркістан» сияқты өлеңдер де осы циклға жатады.

Мағжан жүрегіндегі халқына деген махаббат оның поэзиясынан ерекше орын алады. Ол езу, көрген қорғансыздыққа ұшыраған күйзелу үстіндегі халықты қанша аяса да, жаралы жанның ыңыранған ауыр күйін суреттесе де, халықты бейшаралыққа айналдырмайды.

Ол жырлаған халық тағдырына қол қусырған, жерге ғана үңілген, аяғының астынан арғыны көрмейтін, титығы жеткен мүсәпір халық емес. Мағжан поэзиясында үнемі ой үстіндегі, қимыл үстінде көрінетін халық бар.

Кең даладағы шапқан ат, ат құлағында ойнаған, асаумен алысқан сағыныштарын өн-күймен түсіндіретін, жасыл даласын, жайқалған орманын, көл-дариясын сүйетін халық бар. Адам мен жер – Мағжан поэзиясының ең күшті халықтық рухы. (Әбділдә Тәжібаевтың 1989 жылы жарық көрген Мағжан Жұмбаев шығармаларына жазған алғысөзінен. Қараңыз: «Мағжан Жұмбаев. Шығармалары». Алматы, Жазушы баспасы, 1989 жыл, 6 бет)

МЕНІ ДЕ, ӨЛІМ, ӘЛДИЛЕ... «Өмір көпір от үстіне салынған, Діңгектері зәндем отқа малынған», –

дейді Мағжан өмір туралы бір өлеңінде. Көңіл көзі сау, зерделі адам үшін күлкі емес пе? Бүкіл адам баласына тірлік пафосын беретін, қиял қанатын қақтыратын, өткенді сүйіп, болашаққа үмітпен қарататын өмір, от үстіне салынған көпір болса, оның астында тозақ жатса, мұндай жырдан қандай поэзия шықпақшы!...

Мағжан үшін өмір шындық та емес, шала-дүмбілез бірдеңе түс. «Жарық сәуле айды, күнді көрмеймін, Жармы өлік, толық өмір сүрмеймін», – дейді «Түс» деген өлеңінде. Бұл,



# ОБЛАСТЬ ЖЕТІСУ: В РАЙОННОЙ БОЛЬНИЦЕ ПРОВОДЯТ УНИКАЛЬНУЮ ОПЕРАЦИЮ ПО УДАЛЕНИЮ КАМНЕЙ ПОЧЕК И МОЧЕВОГО ПУЗЫРЯ



Ескельдинская центральная районная больница единственная, в которой на уровне района, по области Жетісу проводят операцию контактную лазерную литотрипсию – это дробление и удаление камней мочеочника, почек и мочевого пузыря. Данную операцию проводит заведующий хирургического отделения, высококвалифицированный и опытный врач Нигматжанов Руслан Ильдусович.

«Во всем мире технология дробления камней стала довольно популярной. Благодаря ей 25% больных избавились от необходимости проведения полостной операции по удалению камней. А также и осложнений, которые могут быть с этим связаны. Лазерная литотрипсия предполагает разрушение камней в мочеочнике и мочевом пузыре за счет лазерной энергии. В настоящее время является «золотым стандартом» оказания помощи пациентам с конкрементами мочеочника и мочевого пузыря», – поделился врач.

Лазерная литотрипсия, как эндоскопическая методика, имеет ряд преимуществ перед традиционным хирургическим вмешательством. Это в первую очередь, малоинвазивность, то есть минимальная травматизация тканей, гладкое течение послеоперационного периода, в котором риск осложнений сведен практически к 0% и быстрый восстановительный период. Основным показанием для проведения лазерного лечения мочекаменной патологии является наличие камней в мочеочнике, почках и мочевом пузыре. Лазерной методике также отдают предпочтение и при наличии у пациента избыточного веса.

Для проведения эндоскопической операции дробления и удаления камней мочевого пузыря уролог вводит инструмент в мочевой пузырь через мочеиспускательный канал. Конкременты дробятся на мелкие частицы с помощью лазерной энергии, которую генерирует аппарат. После этого эндоскопом удаляются полученные фрагменты. В некоторых случаях, удается раздробить камень до мелких частиц, которые в последствии отмываются по уретральному катетеру или самостоятельно.

Так, за 8 месяцев текущего года в Ескельдинской ЦРБ 82 пациентам была проведена данная операция, среди них есть и пациенты с других районов и городов области Жетісу.

Одним из них является 41 летний житель города Талдықорған. Пациент направлен в Ескельдинскую центральную

районную больницу с жалобами на боли в поясничной области справа, резкую слабость, недомогание, позывы к частому мочеиспусканию. Заболел остро около 2-х суток назад внезапно, когда появились вышеперечисленные жалобы, боли в динамике не уменьшились, выпил 2 таблетки обезболивающего, но это дало лишь временный эффект, после чего он вызвал бригаду скорой помощи. После осмотра урологом госпитализирован в хирургическое отделение для дальнейшего лечения. После всех необходимых анализов и дообследований в рамках ОСМС ему проведена операция «Трансуретральное устранение обструкции из мочеочника и почечной лоханки» аппаратом лазерной литотрипсии. Уже через несколько дней пациент выписан домой в удовлетворительном состоянии.

«Выписка пациентом производится на вторые-третьи сутки. Пациент, которому провели литотрипсию, может приступать к привычному образу жизни уже через несколько дней после лечения. Болевые же ощущения во время проведения и после процедуры снижены примерно в два раза по сравнению с прочими видами вмешательства», – подытожил Руслан Нигматжанов.


Напоминаем, имея статус «Застрахован» в системе ОСМС граждане могут получить широкий спектр медицинских услуг в том числе профилактические осмотры и скрининг, диагностика заболеваний, лечение, в том числе дорогостоящие высокотехнологичные операции и медицинское наблюдение заболеваний. Проверить свой статус в системе ОСМС можно с помощью следующих инструментов:

- мобильное приложение Qoldau 24/7
- официальный сайт fms.kz
- @SaqtandyryBot в Telegram
- Контакт-центр 1414
- мобильное приложение Datumed.
- Мобильное приложение банков второго уровня – Kaspi.kz, Halyk, Vss.kz.

Также получить информацию о статусе и произведенных выплатах можно на сайте электронного правительства egov.kz в разделе «Здравоохранение» через государственную услугу «Предоставление информации об участии в качестве потребителя медицинских услуг и о перечисленных суммах отчислений и (или) взносов в системе обязательного социального медицинского страхования».

Филиал по области Жетісу НАО «Фонд обязательного социального медицинского страхования»

# ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕККЕ ҚАТЫСТЫ РЕСМИ ШАҒЫМДАРДЫҢ 35% АСТАМЫН ШАҒЫМ БЕРУШІЛЕР КЕРІ ҚАЙТАРЫП АЛҒАН



2023 жылдың бірінші жартыжылдығында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Жетісу облысы бойынша филиалына 200-ден астам өтініш пен шағым келіп түсті. Алайда өтінім берушілердің үштен бірі шағымдарын қайтарып алады. Әлеуметтік желілерде шағым қалдыру туралы айтсақ, бұл ресми байланыс арнасы болмағандықтан, Қор мамандары мұндай хабарламалар негізінде тексерулер жүргізе алмайды. Осыған орай, тиісті шаралар қабылдануы үшін азаматтардан ресми сауал жолдауын сұраймыз.

2023 жылдың 1 қаңтарынан 30 маусымға дейін Қордың CRM жүйесіне 1406/1414

Call-орталығы, Qoldau 24/7 мобилді қосымшасы, Қордың fms.kz сайты, Telegram-дағы @SaqtandyryBot ресми байланыс арналары арқылы 201 өтініш келіп түсті.

Арыз-шағымның басым бөлігі медициналық көмек көрсетуге, медициналық көмектің сапасыз көрсетілгеніне, көмек көрсетуден, дәрі-дәрмектерді беруден бас тартқан жағдайларға қатысты. Айта кетерлігі, ең көп шағым Талдықорған, Текелі қалаларының, Панфилов, Ескелді, Көксу, Кербұлақ, Қаратал, Алакөл аудандарының тұрғындарынан келіп түскен.

Сарапшылар ресми түрде шағым түскен соң, осы факт бойынша жоспардан тыс мониторинг жүргізеді. Қорда атап өткендей, шағымның үштен бірін өтінім берушілер кері қайтарып алған.

«Әдетте, Қор қызметкерлері мониторинг жүргізуге кіріскен кезде медициналық ұйым пациентке хабарласып, оған қажетті медициналық көмек көрсетеді. Кейбіреуі тексеруден қашып, азаматтардан шағымын кері қайтарып алуын сұрайды. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске сәйкес, өтінім беруші сұрауына шешім қабылдағанға дейін шағымын қайтара алады. Өкінішке қарай, мұндай жағдайда, біздің сарапшылар

жұмысқа кіріскенімен, одан әрі іс-шараларды тоқтатуға тура келеді», – деді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының басқарма төрағасы Сәбит Ахметов.

Пациенттер медициналық көмек алу кезінде тағы да қиындықтарға тап болып қайта өтінім берген жағдайлар кездеседі.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының баспасөз қызметінің хабарлауынша, соңғы уақытта әлеуметтік желілерде шағымдарды жариялау жағдайлары жиілеп кетті. Алайда әлеуметтік желілер ресми байланыс арнасы болып саналмайды. Сол себепті мұндай арыз-шағымдар бойынша Қор мамандарының қандай да бір шара қолдануға құқығы жоқ.

Осыған байланысты азаматтарды өтініш-шағымдарын келесі байланыс арналарына қалдыруға шақырамыз:

- Qoldau 24/7 мобилді қосымшасы
- fms.kz ресми сайты
- Telegram-дағы @SaqtandyryBot
- 1414 байланыс орталығы

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»  
КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

# ЭЛЕКТРОНДЫҚ ШОТ-ФАКТУРАЛАРҒА EGOV QR АРҚЫЛЫ ҚОЛ ҚОЮҒА БОЛАДЫ



Енді мемлекеттік кірістер Комитетінің сайтында электрондық шот-фактураларды тапсыру кезінде eGov mobile қосымшасында eGov QR сканерлеу арқылы қол қою мүмкіндігі бар.

Жаңа функция салық төлеушілерге esf.gov.kz сайтында электронды

құжаттарға қол қоюға, сондай-ақ осы сайтта авторизациядан өтуге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта бұл функция тек жеке тұлғалар үшін жұмыс істейді.

«Біз мемлекеттік қызметтерді ұсынатын eGov mobile мобилді қосымшасында eGov QR арқылы қол қоюға болатын мемлекеттік порталдар мен басқа сайттардың тізімін кеңейтіп жатырмыз. Қол қоюдың бұл баламалы әдісі электрондық қолтаңба кілттерін флэш-карталарда немесе басқа тасымалдағыштарда сақтамауға мүмкіндік береді, ол үшін eGov mobile мобилді қосымшасында тіркелу жеткілікті», – деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасы Ростислав Коняшкин.

Жаңа мүмкіндіктерді пайдалану үшін eGov mobile мобилді пайдаланушылары:

- қосымшада авторизациядан өту (егер бұрын өткен болсаңыз, Face ID, Touch ID немесе қысқа кодты пайдаланып қосымшаға кіруіңіз керек);
- esf.gov.kz порталында қол қою түрін таңдау керек - «QR коды»;
- eGov QR сканерлеу және қол қою керек;
- esf.gov.kz порталында қол қою экранында «Қол қою сәтті аяқталды!» хабары көрсетіледі.
- Аталмыш сервис ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті, ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қызметтер Комитетінің және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ ақпараттық жүйелерінің интеграциясы арқасында қолжетімді болды.

«ҰАТ» АҚ  
Қоғаммен байланыс басқармасы

# ПО ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ ОКОЛО 35% ОФИЦИАЛЬНЫХ ЖАЛОБ НА МЕДПОМОЩЬ ОТЗЫВАЕТСЯ ЗАЯВИТЕЛЯМИ

В первом полугодии 2023 года в филиал Фонда социального медицинского страхования по области Жетісу поступило более 200 обращений и жалоб. Однако более трети из них затем отзывается заявителями. При этом участились жалобы в социальных сетях. Учитывая, что они не являются официальным каналом связи, эксперты Фонда не могут проводить проверки по таким сообщениям. Поэтому граждан просят оставлять официальные обращения для принятия необходимых мер.

За период с 1 января по 30 июня 2023 года в CRM систему Фонда поступило 201 обращение посредством официальных каналов связи: Call-центр 1406/1414, мобильное приложение Qoldau 24/7, сайт Фонда fms.kz, @SaqtandyryBot в Telegram. Основная их часть касается вопросов оказания медицинской помощи, а именно некачественное оказание медпомощи, отказы в предоставлении медпомощи, отказ в выдаче лекарственных средств. Больше всего нареканий

оставляют жители областного центра, города Текели и Каратальского, Панфиловского, Коксуского, Алакольского, Ескельдинского, Кербулакского районов.

Следует отметить, что официально поданная жалоба является основанием для проведения экспертами внепланового мониторинга по данному факту. В Фонде отметили, что треть поступивших жалоб (71 или 35%) были отозваны заявителями.

«Как правило, когда в дело вступают сотрудники Фонда, медицинская организация тут же связывается с пациентом и предоставляет ему необходимую медицинскую помощь. И некоторые из них затем просят граждан отозвать свою жалобу, чтобы избежать проверки. Согласно Административному процедурно-процессуальному кодексу, заявитель до принятия решения по его запросу может отказаться от ранее выдвинутых претензий. И хотя наши эксперты уже приступили к работе, мы приостанавливаем

дальнейшие мероприятия», – отметил председатель правления ФСМС Сәбит Ахметов. В Фонде добавили, что бывают случаи, когда пациенты повторно пишут заявления, если снова сталкиваются с трудностями при получении медпомощи.

Как сообщили в пресс-службе ФСМС, в последнее время участились случаи публикации жалоб в социальных сетях. Однако социальные сети не являются официальным каналом связи, поэтому предпринимать какие-либо меры по таким заявлениям сотрудники Фонда не имеют права. В этой связи граждане призывают оставлять обращения одним из следующих способов:

- мобильное приложение Qoldau 24/7
- официальный сайт fms.kz
- @SaqtandyryBot в Telegram
- Контакт-центр 1414

Филиал по области Жетісу НАО «Фонд обязательного социального медицинского страхования»



# АБАЙЛАҒЫЗ - ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАР



олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттарын пайдалану арқылы да жасалады.

Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлкті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ІІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

### ІІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлкті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.
2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық

карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртекті, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінің қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпейге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келуі мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

**Ж.А. МҰҚАНОВ,**  
**ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің**  
**Жетісу облысы бойынша**  
**Департаментінің қылмыстық**  
**саладағы құқықтық ақпаратты**  
**қалыптастыру прокуроры**  
**бөлімінің бастығы**  
**кіші әділет кеңесшісі**

# ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ТҮРҒЫНДАР НАЗАРЫНА

**Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етілгендігін хабарлайды.**

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынғып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);
- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама);
- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);
- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);
- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама);

аықтама). Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

- 1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі ([https://egov.kz/cms/ru/services/pass\\_sr11](https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11));
- 2) есепке алынғы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурстар қолжетімді ету болып табылады [kgd.gov.kz](https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web) (<https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web>);
- 3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;
- 4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;
- 5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығару құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Заңды тұлғалар» мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығаруды мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімінен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматтағы қолжетімді.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың өкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы өкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыпқұлыңды біл» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qamqog.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзіңнің ЖСН

және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып. Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызметімізді оңайлатып және жеделдетіп порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелуі.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтініші электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзіннің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.


Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

**Асхат ЖАНАТҰЛЫ,**  
**ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің**  
**Жетісу облысы бойынша**  
**Текелі, Ескелді және**  
**Көксу аудандарының аға прокуроры**

# СІБІР ЖАРАСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ



**Сібір жарасы – зоонозды, аса қауіпті, қоздырғышы жанасу механизмі арқылы берілетін, көбінесе тері жамылғысында көрініс беретін, тері қабатының карбункул тәрізді зақымдалумен, қызба және интоксикациямен, кейде сепсис дамуымен сипатталатын жұқпалы аурудың түрі. Аурушандықтың қоздырғышы – Bacillus anthracis – жоғары температурада қыздырғанда және қарапайым дезинфекциялау құралдарын пайдаланғанда жылдам жойылатын сібір жарасының бацилласы.**

**Жұғу жолдары:** ауру жануарды бағу кезінде; ауру жануарларды сою, ұшасын бөлшектеу, терісін сыдыру, өлекесін көму кезінде; ауру жануарлардан алынған өнімдерін пайдалану кезінде; ауру жұққан заттарды пайдаланғанда, сирек жағдайда топырақтан жұғады.

**Аурудың бірінші белгілерінің бірі** – 5 күн аралығында, кейде тіпті бірнеше сағаттың ішінде біліне бастайды. Ол адам денесіне ішек және тері арқылы түседі. Микробтар тері арқылы денеге енген жағдайда алдымен қызыл дақ пайда болады, одан кейін жоғарғы жағы ағарған бөртпеге айналып, ақыры қан аралас сұйық түске енеді. Қасыған кезде оның терісі сыдырылып, жансыз қара қабыршықтар пайда болады, ал төңірегіне жаңадан күлдіреген жел қабық қаптап, ет жансыздана түседі. Дене қызуы көтеріліп, жалпы жағдайы нашарлайды. Ауру малдың етін пайдаланғанда адам ішек ауруына ұшырайды, қызуы 39-40С-қа дейін көтеріліп, басы ауырады, іші түйнеп ауырып, басы айналады, қан аралас құсады және іші өтеді.

**Алдын алу шаралары:** Адамдар мен жануарлар арасында сібір жарасының ең тиімді алдын алу шарасы жыл сайын ауруға қарсы егу жүргізу. Дертке қарсы вакцина қолайсыз пунктердегі ет комбинатта-

рында, мал шаруашылығында тұрақты жұмыс істейтіндерге, тері, жүн өңдеуге, тасымалдауға, сақтауға, сұрыптауға, илеуге қатысатын адамдарға егіледі. Адам ағзасының сібір жарасына төтеп бере алу қасиеті егуден кейін 12 – 14 күнде пайда болады да, 12 айға жуық сақталады. Егілген тұлғалар жұмысқа 2 апта тидан соң ғана жіберіледі және жыл сайын екпе алып отырулары қажет.

Екпе жүргізу ең тиімді әдіс болғандықтан, жануарлардың барлығын қамтуға тырысқан жөн. Егілген жануарларды бақылауға алған уақыт ішінде басқа шаруашылықтарға ауыстыруға немесе егілгеннен кейін 14 күн ішінде соңға болмайды. Үй жануарларының иелері малдарды екпеге қатыстырмау – дерттің кең етек жаюына себепші болып, мұның салдарынан адамдар сібір жарасына шалдығатынын естерінен шығармаса игі болатын еді.

Сібір жарасына қарсы вакцина егілгеннен кейін 10 күн ішінде жануар өліп қалса, оның терісін сыдыруға болмайды. Ауру қоздырғыштары ағадан тыс жерде тек ауаның әсерінен пайда болатынын ескере отырып, өлген жануардың терісін кесуге болмайды және өлекесі аң-құстардың тасуына жол бермеу керек. Себебі, мұның салдарынан жаңа ошақтар пайда болуы мүмкін. Өлген малды терісін бірге өртеу немесе қауіпсіздік ережесін сақтай отырып арнайы орындарға – мал көметін жерлерге өртеу үшін апару қажет. Ауру мал жатқан немесе сойылған орынға басқа жануарларды жіберуге және адамдардың сол жерде жұмыс істеуіне тыйым салынады. Қора, жайылымдардағы ауру малдар орналасқан орындар залалсыздандырылады.

Үй жануарларыңыз ауыра қалса өз беттеріңізбен үйде емдемеңіздер, дереу ветеринар мамандарына көрсетіңіздер. Малға қарағанда жеке бас тазалығын сақтаңыздар, қолдарыңызға қолғап киіп, жұмыс кезінде ауыздарыңызды берік ұстап, лас қолмен темекі тартып, ауыз сүртуден аулақ болыңыздар!

**Е.СЕЙСЕМБИНОВ,**  
**Басқарма басшысы**  
**Д.БЕКТЕНОВ,**  
**жетекші маман**

# О НОВШЕСТВАХ В СФЕРЕ ОКАЗАНИЯ ГОСУСЛУГ



**Действующее трудовое законодательство предусматривает определенные ограничения для лиц, совершивших коррупционные преступления.**

«Если ранее не допускалось трудоустройство лиц, на должность, связанную с исполнением управленческих функций, то сейчас ограничение в трудоустройстве в квазигосударственные организации распространяется на все должности. Комитетом по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры выдача сведений о совершении лицом коррупционного преступления переведена в сферу оказания государственных услуг. Прием и выдача документов для оказания государственной услуги осуществляется через: веб-портал «электронного правительства» [www.egov.kz](http://www.egov.kz). Срок исполнения услуги 10 минут, в случаях дополнительной установочной проверки – 5 рабочих дней. Услуга будет также доступна работодателю, для получения сведений в отношении сотрудников, при условии их согласия посредством «личного кабинета» и (или) sms-подтверждения. Получить такую услугу можно лишь при регистрации в базе мобильных граждан. Для регистрации в базе мобильных граждан услугополучателю необходимо в «Личном кабинете» на веб-портале «электронного правительства» в графе «телефон» указать номер телефона или привязать его к индивидуальному идентификационному номеру (ИИН) обратившись в любой фронт-офис Госкорпорации.

**Алиса ВЛАДИМИРОВНА,**  
**Заместитель начальника**  
**Департамента Комитета**  
**по правовой статистике и**  
**специальным учетам**  
**ГП РК по области Жетісу**  
**старший советник юстиции**



# МАҒЖАН ЖӘНЕ ӨМІР

Әрине, рухани ауру, жазылмас аурудың сандырағы...  
Ажал шақырған, өлім бесігіне түсіп төрбеміткен Бальмонт өлеңдерінің қайталанарындағы «Әлдиле, өлім, әлдиле» дейтін жолдарды Мағжан сол қалпында алады.

Пессимизм – дүниеден торығу, табыт пен көрден басқаны көрмеу, өлім күйінде ғана есіту қандай тілде жазылса да символизмнің ортақ ауруы. Өліп бара жатқан капитализммен бірге өлу белгісі. Мағжан осы топта, осы тапта. (Қараңыз: «Өмір және поэзия», Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, Алматы, 1960 жыл, 49 бет)

«Осы тұрғыдан келгенде Мағжан культурасының биіктігі бүгін де оқшау тұр. Көп өлеңдерінде-ақ Мағжан – өзі бір жанып тұрған жарық сияқты. Біз ақынның ішкі иірімдерімен, ой-сезім толғаныстарымен қатар оның өзін қоршаған төңірегін де түгел тануымыз. Ол төңірек дегеніміз көрініп тұрған адамдар, жан-жануарлар ғана емес, эфирдегі нәзік бояулар мен дыбыстар, жер бетіндегі көбімізге беймәлім құбылыстар...»

Орыс, Европа символисттерімен үндесе отырып жазған өлеңдерінің бірі «Мені де, өлім әлдиле» ғой. Осы өлеңнің композициясындағы тазалық пен сұлулық оқушыны еріксіз жетелеп отырады. Өлімнің кімдерді, нелерді әлдилегенін, оған желдің қалай үн қосқанын қайталау – өлеңге қанат бітіргендей ұшырып отырады. Соның әрбір біткен шумағына ақын өз сезімін, көңіл-күйін табиғи түрде қосақтап жырлайды:

Өлім күйі – төтті күй,  
Балқиды жаным бұл күйге.  
Мені де өлім әлдиле,  
Әлдиле, өлім әлдиле.  
Осы рефрен тұтас бір жырдың бойындағы нажағай секілді. Қайталанған сайын сол жыр жаңа қуат тапқандай күшейе береді. (Әбділдә Тәжібаевтың 1989 жылғы жарық көрген Мағжан Жұмабаев шығармаларына жазған алғысөзінен. Қараңыз: «Мағжан Жұмабаев. Шығармалары» Алматы, Жазушы баспасы, 1989 жыл, 12 бет)

**МАХАББАТ ЛИРИКАСЫ**  
«Оның «махаббатқа» арналған өлеңдерінің көпшілігі сүю тақырыбы) жырларынан шын махаббат лебін сезу, сұлулық сымбатымен, келісімдер күйін тану мүмкін емес. Онда идеал жоқ, нәпсі ғана бар. Өйткені оған махаббат өмір емес, өткінші «қызық», өлер жанның қысқа мерзімдік қана «лөззаты», ойда жоқта оңай тапқан олжасы. Мағжанша:  
«Қашан да махаббатты көз баптайды,  
Білдірмей ыстық қысып қол баптайды».

Қандай жеркеніш, қандай



сорақы. Біз мұны хайуан «махаббатының» ұғымы десек те қиянат жасамаймыз...

Европа орыс символисттерінің Мадонналарды сайқалға айналдыруының қазақ поэзиясындағы бір үлгісі осы. «Тәңірінің өз нұрынан жаралғандарда» адамдық сипат жоқ, сайқалдық қылық бар, сайтандық сезім бар. Олары нағыз лас, натуральдық түрде баяндалады. Сондықтан ондай сипатсыз, жансыз, демсіз «сұлуларға» ақын «жұлдызды жүзік, айды алқа ғып» берсе де жанданбайды, суық қуыршақтығынан айнымайды. Қуыршақты сүю үшін адам қуыршаққа айналуы керек. Онсыз түсіну қиын. Сөйтіп Мағжанның сүю жырлары да өмірді жоққа шығару, «бар» дегені өз ішінің тағылық мінезі, жынды жүрегі. (Қараңыз: «Өмір және поэзия», Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, Алматы, 1960 жыл, 51 бет)

«Жастың аты жас қой. Жас ақын жастық қуаты мен жігерін лапылдап тұрған сезімін, жандырып жіберердей лебін ынтыға үзіліп тұрған махаббатын әлі келгенше асыра жеткізді. Біз соған қарап, бұл біздің жастығымыздың жыры дейміз. Мұндай өлеңдер тек Мағжанда ғана толық.

Поэзияға егде тартып келген Абай махаббат жайлы барынша құнарлы, суретті, философиялық мағынасы да ірі өлеңдер жазды. Бірақ балдырған жігіттің лапылдаған сөзін айтуды өзіне лайық көрмеді. Ал, махаббатты әлеуметтік міндеттермен қатар қоюды күнә көрген біздер жастық сезімімізді бұқтырып, ықтырып ұстауға тырыстық. Бұл «өзгешелігімізден» бүгін де арылып болған жоқпыз. Демек қайта тірілген Мағжанмен бірге біздің балғын сезімді бар дауыспен дәріптеген, барлық құмарлық жалынымен жырлаған жастық әуеніміз қайта тірілді...

Мағжанның бұл саладағы бірінен-бірі асатын жазындары өлеңдері біздің бүгінгі поэзиямызды жаңғыртатын, оның жүрегін ерекше соқтыратын жаңалық. Бұл жаңалық поэзиямыздың

оқырман достарын бұрынғыдан әлдеқайда қанаттандырады.

Мағжан Жұмабаевтың адамның жастық сезіміне жақын ақын екені әр өлеңінен-ақ танымалы. Әсіресе, оның махаббат өлеңдері жас оқырман үшін үлкен бір бақыттай сезіледі. (Әбділдә Тәжібаевтың 1989 жылғы жарық көрген Мағжан Жұмабаев шығармаларына жазған алғысөзінен. Қараңыз: «Мағжан Жұмабаев. Шығармалары». Алматы, Жазушы баспасы, 1989 жыл, 9 бет)

**ОҚЫРМАНМЕН СЫРЛАСУ**  
Қош! Сәл ұзақ сөйлеп кеткеніміз үшін оқырманнан кешірім сұрап, әңгімеімізді тәмамдамақшымыз. Біз бұл мақаланы бір жазушы мен бір ақынның Рух майданында қаншалықты кемеңгер, әдебиеттегі ар-ұятының алдында қаншалықты таза болғанын көрсету мақсатында ғана жазған жоқпыз. Олардың әрқайсысына Уақыт өз бағасын беріп, өнер әлеміндегі алатын орындары да межеленіп қойылды.

Әлімсақтан белгілі. Ең алдымен әдебиет – ар алдындағы ақиқатпен айнасы. Кез-келген ұлттың ар-ұятының өлшемін, сана-сезімінің қаншалықты өскенін, парасат-пайымының қаншалықты биіктегенін олардың әдебиетін оқу арқылы танып-білуге болады.

Міне, ұлы ақынның шығармаларының халқымен қайта қауышқанына 20 жылдан астам уақыт та зырылдап өте шығыпты. Мағжан шығармалары ақталғанда бәріміздің де жүрегіміз лүпілдеп, тұла-бойымызды қайсар ақынның рухы билеп алғандай сезімнің бесігіне бөленгеніміз өтірік емес қой.

Алайда мені «зиялы қауым Мағжан рухына қаншалықты адал болып қалды?» деген сұрақ жиі мазалайды. Қазақтың ұлттық намысын көтеруге тиіс зиялыларының кімнің тарысы піссе, соның тауығы болып жүріп күнін көретін бейшара күйге түскендерін көргенімде көңілім алғаржақтанып, ұлттық Рухтың шырағы сөнгендей қапаланамын.

Әдебиеттің ақсақалы Әбділдә ақын Мағжанды бір рет сатқанымен, сол жылдардағы дәрменсіздігі үшін кешірім сұрауға да парасат-пайымы жетті. Ал, бүгінгі таңдағы кейбір ақындар өтірік сөйлеп, билікке жағымпазданып, ұлтқа қарсы дүниелерді қолдап Алаштың рухын күнде сатып жүрген жоқ па? Басқасын былай қойғанда елдің бәрі сенім артқан Әбіш Кекілбайұлы секілді жазушылардың өзі президенттің қолынан сүйетін жағдайға жеткенін көзіңмен көргенде намысың езіліп, Рухың өлгендей күйге түседі екенсің.

Елдің бәрі аузына қарап, үміт күтіп отырған қазақ зиялыларын мұндай дәрменсіз күйге түсірген қандай құдірет екен? Айтшыңызшы, құрметті оқырман.

ЖШ АҚПАРАТ

# АЛТЫН САНАҒАН АШТАН ӨЛЕДІ

Қай заманда өткені белгісіз, Сағат есімді үрерге иті жоқ, сіңірі шыққан қу кедей болыпты. Ол бірде аштықтан көзі қарайып, басы ауған жаққа қаңғалақтап келе жатыпты. Әбден қалжырап, ұйқы мендеген байғұс сәл тынығып алайын деп бір құмайта жерге жантая кетіпті. Арқасына аяздай батқан жоқшылық ұйықтаса да қыр соңынан қалмаса керек. Түсінде де осы азаптан бас сауғалап, қашып келе жүткен, алдынан сақалы белуарына түскен аппақ кудай қария шығады. Жарлының жолын кес-кестеп:

– Оян! Өзің жантайған құмайтың оң жағына қарай он қадам жүрсең, ескі жертеңнің орны бар. Сол арадағы қираған ошақтың астын сынық сүйемдей қазсаң, Сүлеймен саудагердің былғары әмияны табылар. Әмиянның аузын ашып-жапқан сайын ішінен бір теңгелік алтын ділдө аласың. Енді қалған өміріңе бұйырған осы несібені қанағат қылсаң, қарның тояды, – дейді де ғайып болады.

Жүрегі алып-ұшып, орнынан атып тұрған Сағат ұйықтаған жерінен оңға қарай он адым аттайды. Опырылған жертеңнің оқпандай орнына кезігеді. Құлаған ошақтың орнын тырналап қазып жатып:


– Осыдан шалдың айтқандары расқа шығып, бір ділдө тапсам – тойынып тамақ ішермін. Екі ділдө тапсам, дүние-ай, бала шағамның жүрегін жалғар едім. Егер үш ділдөге жетсе, әйеліме арнап көйлек сатып алар едім, – деп қиялдайды.

Шалдың берген аяны айнымай келеді де, айтқан орыннан әмиян табылады. Бір ашса – бір ділдө, екі ашса – екі... Әмиянды жүз ашқанда, үйіліп жатқан ділдөларды көзімен жей отырып, Қарақұмның қақ ортасынан хан сарайындай құмбезді үй салуды армандайды. Қарнының ашқанын да, балаларын да, бұл дүниеде әйелінің бар екенін де ұмытады. Көзіне қызылды-жасылды дүние елестеген Сағат мың, он мың, жүз мың, ... миллион рет ашамын дегенше, арада екі күн өтіпті. Өстіп отырғанда дүниеге қатты мастанған бейшараның аштықтан соңғы демі үзілген екен.

Ертегілер әлемі



# БЕРЕ БІЛГЕН БӨЛЕ БІЛЕР



Баяғыда бір жарлы болыпты, мінуге аты, ішуге асы болмапты, бала-шағасы көп болыпты. Мал дегенде маңдайына біткен жалғыз ғана қазы болыпты. «Аштық – атаң емес» деген, тесік тамақ шыдата ма, ақыр соңында сол қазды жемекші болып сойып, пісіреді. Бірақ оған салатын тұзы да, қосып жейтін наны да болмайды. Сонда жарлы тұрып әйеліне:

— Қатын, осы қазды тұзсыз, нансыз жегеннен де ханға апарып тартсам қайтеді? Сөйтіп, одан бірнеше күн тамақ қыларлық астық сұрасам

қайтеді. – дейді. Қатыны:

— Мейлің, сүйтсең, сүйте ғой, – дейді. Жарлы ханға пісірген қазды алып келеді. — Тақсыр хан, – дейді ол, – мынау сізге әкелген сыйлығым еді, аз да болса көптей көріп алыңыз, барымыз әзір, жоғымыз жай, – дейді жарлы. Хан: — Рақмет, сізге, рақмет! Ал енді, бұл қазынды үй ішімізге бірдей етіп өзің бөліп бер! – дейді де жарлының қолына пышақ береді. Ханның ханымы, екі ұлы, екі қызы – не бәрі ханның өзімен алты жан екен. Сонда жарлы қаздың басын кесіп алып, ханның алдына қояды.

— Сіз үйдің басысыз, сондықтан сізге бас лайық, ал бас мойынсыз, хан ханымсыз болмайды, сондықтан сіздің ханымыңызға мойын – деп мойынды кесіп, ханымның алдына қояды. Екі аяғын кесіп екі баласына береді.

— Сендер атаның жолын қуып, ізін басысыңдар, сондықтан сендерге аяқ лайық, – дейді. Сонсон екі қанатын кесіп екі қызына береді. — Сендер жат жұрттыққа жаратылғандар, ертең бойжеткен соң ата-ананың қасында қалмай, құсқа ұқсап ұшып кетесіңдер, сондықтан сендерге қаздың қанатын беруге тура келеді. Ал жарлы-қонақ, кеудесі жарлыға қалмақ, – деп қаздың бар етіні өзінің жанына қояды. Хан жарлының әділ бөлісіне таң қалып, қарқ-қарқ күліп, ырза болады. Өзін әбден сыйлап, тамаққа тойдырып, астық беріп үйіне қайтарады. Мұны бір мырза естіп, жарлы бір қаз апарып ханнан мұнша сыйлық алды, мен одан кеммін бе? – деп жарлының алғанына қызғаныш етеді. Сүйтеді де, ханға ол бірден бес қаз пісіріп әкеледі.

Хан: «Өкелгеніңізге рақмет, бірақ мұны алтауымызға тең қылып бөліп бер», – дейді. Мырза олай салып, былай салып көреді. Бірақ қаздарды тең бөліп бере алмайды. Сонсоң хан, баяғы жарлының шақыртып алып: «Мынау қаздарды сен бөл», – дейді. Жарлы, бір қазды алып хан мен ханымға береді де: «Сіздер үшеу болдыңыз», – дейді, енді бір қазды екі баласына беріп:

— «Сіздер де үшеу болдыңыз», – дейді. Тағы бір қазды екі қызына береді де: «Бұл да үшеу болады, мынау қалған екі қазбен мен де үшеу болдым», – дейді. Сонда хан: «Міне, әділ болсаң осындай бол! – Бізге де тегіс берді, өзін де ұмытқан жоқ», – депті. «Бере білген, бөле білер» деген мақал осыдан қалған екен. Хан жарлыға тағы да қазынасынан көп сыйлық беріп қайтарады, мырзаны қуып жібереді.

Ертегілер әлемі



# “ЖЕТІСТІККЕ БІРГЕ ЖЕТЕЙІК”

SHOP NOW

- ҰБТ/КТЛ/МАССАЖ
- ФИТНЕС/9-ҚҰМАЛАҚ
- SPORT /ГИМНАСТИКА
- ШАХМАТ/ШАШКИ

@araibilim.karabulak

Меншік иесі:  
**«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС**  
директор - бас редактор  
**Инкар Ерболқызы**  
**НҰРСҰЛТАНОВА.**  
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.  
**Эл. мекенжайымыз: Eskeldi\_eli@mail.ru**  
Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрлік номері 15692-Г от 16 ноябрь 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1200 Тираж 1200 Тапсырыс 976 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ